

FTAXP 06.77.64
ӘОЖ 331.56 (331.526)

<https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-4-200-207>

Г.К. ИЛЯШОВА,*¹

докторант.

*e-mail: July.gk1977@gmail.com

С.Қ. ҚОНДЫБАЕВА,¹

PhD.

e-mail: saltanat.kondybaeva@kaznu.kz

З.Т. САТПАЕВА,²

PhD.

e-mail: szt_kz@mail.ru

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²ҚР Білім министрлігі Ғылым комитетінің
Экономика институты, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МЕН ХАЛЫҚТЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУЫ АРАСЫНДАҒЫ КОРРЕЛЯЦИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС

Андатпа

Мақаланың мақсаты – Қазақстан экономикасының дамуындағы өз бетінше жұмыспен қамтылу орнын анықтау және оның өзара байланысын талдау. Қазақстанның нарықтық экономикасының даму ерекшелігінде еңбек нарығының дамуы үнемі назарда болады. Ұлттық экономиканың жұмыс істеуі осы еңбек нарығының қарқыны мен жағдайына тікелей байланысты. Еңбек нарығындағы жұмыссыздық мәселесі экономика дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі. Жұмыссыздық деңгейінің өсуі экономиканың дамуына кері әсер ететіні белгілі, сәйкесінше мемлекетте экономикалық және әлеуметтік жүктеме артады. Бұл проблемадан шығудың бір жолы –жұмыссыздарды өзін-өзі жұмыспен қамту және жеке жұмыс орындарын құру арқылы экономикалық қызметке тарту. Бұл тәжірибе, экономиканың циклдік дамуындағы көптеген елдер үшін жұмыссыздық деңгейінің өсуінің әлеуметтік салдарын оларға жалдамалы жұмысшыларсыз жеке өздерінің кәсіпорындарын ашу арқылы жоюға мүмкіндік береді. Мақалада статистикалық талдаудың ақпараттық базасы негізінен Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері. Халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы мен Қазақстанда экономиканың дамуы арасындағы корреляциялық байланысты анықтау үшін негізгі экономикалық көрсеткіш –ЖІӨ өсу қарқыны алынды.

Тірек сөздер: ЖІӨ, экономикалық даму, инновациялар, өзін-өзі жұмыспен қамту, корреляция, талдау, нарық.

Кіріспе

Қазақстан экономикасында өзін-өзі жұмыспен қамту құбылысы нарық экономикасының дамуы кезінде өте өзекті болып отыр және де бұл түсінік осы кезеңге өтуде пайда болғаны да бәрімізге мәлім. Өзін-өзі жұмыспен қамту термині, өзінің жеке ісін ашуды немесе жеке бизнеспен айналысуды және де үйде, кәсіпорында немесе басқа жерде болсын тек өзіне ғана жұмыс істеуді білдіреді.

Әдетте, халықтың осы ерекше санатына қатысты теріс пікірлер басым болады. Олар негізінен халықтың осы тобының салық төлемейтіндігімен, тиісінше зейнетақы жарналарын аудармайтындығымен байланысты. Келешекте бұл, мемлекет үшін олардың әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз етілуі туралы мәселе туындаған сәтте әлеуметтік проблемаға айналуы мүмкін. Бұдан басқа, мемлекет еңбек келісімдерімен рәсімделмеген барлық азаматтарды «өзін-өзі жұмыспен қамтығандар» санатына жатқызуды пайдалана отырып, елдегі жұмыссыздықтың шынайы мөлшерін жасыруға ұмтылуы мүмкін деген де пікірлер аз емес.

Өзін өзі жұмыспен қамту мен жалпы экономикалық дамуды қарастыра отырып, өзін өзі жұмыспен қамтудың келесідей экономикалық функцияларын көрсетуге болады [1]:

- ♦ еңбекпен қамтылған азаматтардың жалпы үлесін арттырады;
- ♦ жұмыссыздарға бағытталған бағдарламаларды қаржыландырудың төмендеуі салдарынан мемлекеттік қазына шығыстарын азайтады;
- ♦ көптеген қосымша жұмыс орындарын және жаңа жеке микрокәсіпорындар мен шағын бизнеске салық салудан мемлекеттік кірістерді құрады;
- ♦ азаматтардың өмір сүру деңгейін және олардың табыстарын көтеруге ықпал етеді;
- ♦ жоғары жұмыссыздық пен, атап айтқанда, қандай да бір дағдарыстардан туындаған жалдамалы жұмыстың болмауы салдарынан қоғамдағы шиеленіс қаупін азайтады;
- ♦ жастар өзін-өзі жұмыспен қамту арқылы өзінің жұмыспен қамтылу мәселесін шеше алады;
- ♦ жұмыссыздардың кәсіби деформациясының теріс процесінің қаупін азайтады.

Осылайша, өзін-өзі жұмыспен қамту кәсіпкер болуға ұмтылатын адамдар үшін қолайлы жағдайлар жасайды, оларға инновациялық идеялар мен өнімдерді әзірлеуге мүмкіндік береді.

Негізгі ережелер

Заманауи экономикада әлемдік еңбек нарығы демографиялық өзгерістердің, техникалық прогрестің жедел дамуының, адам қызметінің барлық салаларына жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен енгізудің, көптеген технологиялық процестерді автоматтандырудың және т.б. салдарынан үлкен өзгерістерге ұшырауда. Осыған орай, әлемнің көптеген мемлекеттері үшін өзін-өзі жұмыспен қамту еңбек нарығының ажырамас элементі ретінде ғана емес, сонымен бірге халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етудің ең қол жетімді тәсілі ретінде де қарастырыла бастады.

Өзін-өзі жұмыспен қамту – осы кезде жұмыстың жақсы жолы болып табылды. Қазіргі ақпараттық қоғамда жұмысбастылықтың бұл түрі көбінде жемісті бір мансапты жасауға мүмкіндік береді. Жақсы өрбіген өндірістік инфрақұрылымы жоқ және де жұмыссыздығы жоғары аймақтарда өзін-өзі жұмыспен қамтудың дамуы, әдетте, әлеуметтік шиеленісті шешуге ықпал етеді [2].

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, өзін-өзі жұмыспен қамту бір жағынан елде кәсіпкерліктің дамуын ынталандырады және сол арқылы экономикадағы оң өзгерістер болуының негізгі катализаторы болуы мүмкін. Басқа жағынан өзін-өзі жұмыспен қамтушылар экономиканың бейресми секторында жұмыс жасай отырып оның дамуына кері әсер етуі мүмкін, яғни ЖІӨ өсу деңгейінің төмендеуі, салықтық түсімдердің азаюы және т.б. Сондықтан да, авторлар экономика дамуына өзін-өзі жұмыспен қамтудың әсерін бағалауды жөн көрді.

Материалдар мен әдістер

Өзін-өзі жұмыспен қамту мен ЖІӨ арасындағы байланыс негізінен себепті болады, бірақ міндетті емес. Жұмыспен қамтудың көбірек болуы, әдетте, көбірек өндірісті білдіреді, бірақ бұл жұмыспен қамту ештеңе бермейтін мемлекеттік жұмыспен байланысты болған кезде міндетті емес. Болашақта роботтар іс жүзінде бәрін шығарады делік, бірақ барлық адамдар мемлекеттік лауазымдарда жұмыс істейді немесе мүлдем жұмыс істемейді. Сонда ЖІӨ-нің өсуі Үкіметтің жұмыспен қамтылуының өсуіне байланысты болмайды, тек адамдар көп қажет болған жағдайда роботтардың көбірек өнім алу қабілетіне байланысты болады.


Кестеден көріп отырғанымыздай, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны 1991–2001 жж. аралығында өсу динамикасын көрсетті. 2002–2012 жж. аралығында, 10 жыл бойы салыстырмалы түрде өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар саны тұрақты болып, аса үлкен өзгерістерге ұшыраған жоқ: 2,6–2,7 млн адамды құрады. 2013 ж. бастап, өзін өзі жұмыспен қамтығандардың саны біртіндеп азаюы байқалады.

Кесте 1 – ҚР Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық саны, мың адам

Жылы	Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, мың адам	Жылы	Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, мың адам
1991	326,7	2006	2626,9
1992	367,6	2007	2657,6
1993	369	2008	2657,8
1994	552	2009	2664,6
1995	1085,1	2010	2704,8
1996	1600,5	2011	2720,2
1997	2201	2012	2693,4
1998	2344,6	2013	2621
1999	2751,2	2014	2400,4
2000	2696,6	2015	2138,4
2001	2835,5	2016	2210,5
2002	2678,7	2017	2099,2
2003	2755,6	2018	2082,5
2004	2711,9	2019	2099,2
2005	2620,4	2020	2069

Ескертпе – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері (<https://stat.gov.kz/>) деректерінен алынған.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны мен ЖІӨ көлемінің өзгеруін көрнекі түрде көрсету үшін, графиктік түрде бейнелеуге болады.



Сурет 1 – ҚР өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны мен ЖІӨ көлемінің өзгеруі

График бойынша, жалпы түрде ЖІӨ көлемі жыл сайын артып отырған уақытта, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны кеміп отырғандығын айтуға болады. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың үлесінде нәтижелі немесе өнімді қызметпен айналысатын өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың саны артатын болса, бұл ЖІӨ оң бағытта дамуына септігін тигізеді. Жұмыспен қамтылу артады → өндіріс өседі → ЖІӨ өседі. ЖІӨ өзін-өзі жұмыспен қамтудың өсуімен де, онсыз да артуы мүмкін. ЖІӨ жұмыспен қамту саласындағы үлкен шығындардан кейін де өсуі мүмкін. Алайда, жұмыспен қамтудың артуымен ЖІӨ-нің өсу үрдісі байқалады. ЖІӨ жалпы тұтынуды білдіреді, сондықтан тұтыну жоғары болған кезде жұмыспен қамту да жоғары болады. Ал жұмыспен қамтудың жоғары болуы, оның құрылымындағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың санының ұлғаюымен бірге жүруі мүмкін. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың

құрылымында жасырын жұмыспен қамту көп, яғни өнімнің өзіндік құнына іс жүзінде ештеңе қоспайтын адамдар баршылық. Егер олар басқа салаларда болса, оларды макроэкономикалық тұрғыдан тиімді пайдалануға болады.

Қазақстанда 1991–2020 жж. ЖІӨ жыл сайын өсіп отырған кездегі, өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейі біркелкі болған жоқ, яғни не бірыңғай өсу немесе бірыңғай кему үрдісін көрсетпеді. Белгілі бір жылдары артып, басқа жылдары төмендеп отырды. Өзін-өзі жұмыспен қамтудағы мұндай тенденцияға қарамастан, ЖІӨ көлемі тұрақты түрде өсіп отырды. Бұл ЖІӨ көлемінің өсуінде өзін-өзі жұмыспен қамту деңгейінің жетекші рөлге ие емес екендігінің белгісі десек те болады. Алайда, 2001 ж. Қазақстандағы өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың саны максималды деңгейінде болған кезде, ЖІӨ көлемінің өсу темпі басқа кезеңдердегі өсу қарқынымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш – 13,5%-ды құрады. Сонымен қатар, 2017 ж. өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар саны азаю үрдісі байқалған кезеңде, ЖІӨ өсу қарқыны өткен жылмен салыстырғанда 16,1%-ды көрсетті. Осыдан байқайтынымыз, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар саны артқан кезде ЖІӨ көлемі де өсіп отыр, бірақ өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар саны азайса да, ЖІӨ көлемі артып отыр. Яғни, ЖІӨ көлемі өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың санындағы өзгерістерге аса қатты байланысты емес.

Нәтижелер мен талқылаулар

ҚР ЖІӨ көлемі мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны арасындағы байланысты қарастыру үшін 1991–2020 жж. аралығындағы таңдамалық байқау белгілері алынды. Мұндағы:

- ♦ у тәуелді айнымалы, нәтижелік фактор – жалпы ішкі өнім;
- ♦ х тәуелсіз айнымалысы, түсіндіруші фактор – өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар саны.

Берілген индикаторлар бойынша регрессия моделін тұрғызу, яғни регрессия теңдеуін құруды жүзеге асырамыз. Табыстары күнкөріс деңгейінен төмен тұрған халықтың үлесі (х) мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар саны (у) арасындағы байланыс сызықты деп алып, кесте құрамыз (2-кесте).

Кесте 2 – ҚР Табыстары күнкөріс деңгейінен төмен тұрған халықтың үлесі (х) мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар саны (у), мың адам. динамикасы (<https://stat.gov.kz/>)

№	Табыстары күнкөріс деңгейінен төмен тұрған халықтың үлесі	Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар саны у
1991	326,7	0,085
1992	367,6	1,217
1993	369	29,423
1994	552	423,468
1995	1085,1	1014,19
1996	1600,5	1415,749
1997	2201	1672,142
1998	2344,6	1733,263
1999	2751,2	2016,456
2000	2696,6	2599,901
2001	2835,5	3250,593
2002	2678,7	3776,277
2003	2755,6	4611,915
2004	2711,9	5870,134
2005	2620,4	7590,593
2006	2626,9	10213,73
2007	2657,6	12849,79
2008	2657,8	16052,92
2009	2664,6	17007,65

2010	2704,8	21815,52
2011	2720,2	28243,05
2012	2693,4	31015,19
2013	2621	35999,03
2014	2400,4	39675,83
2015	2138,4	40884,13
2016	2210,5	46971,15
2017	2099,2	54378,86
2018	2082,5	61819,54
2019	2099,2	69532,63
2020	2069	70134,1

Ковариацияны есептеу:

$$\text{cov}(x,y) = \overline{xy} - \bar{x} \cdot \bar{y} = 3464808$$

Ковариацияның оң мәні екі айнымалының бір бағытта өзгеретінін көрсетеді (біреуі жоғарылағанда, екіншісі де артады).

Вариацияны x пен y үшін жеке-жеке есептейміз:

$$\begin{aligned}\text{var}(x) &= \overline{x^2} - \bar{x}^2 = 608551,2 \\ \text{var}(y) &= \overline{y^2} - \bar{y}^2 = 4,93\end{aligned}$$

Регрессия теңдеуін ($y = a + bx$) тұрғызу үшін a және b коэффициенттерін ең кіші квадраттар әдісі бойынша табу қажет.

$$b = \frac{\text{cov}(x,y)}{\text{var}(x)} = 5,694$$

$$a = \bar{y} - b\bar{x} = 7542,186$$

b коэффициентінің интерпретациясы: x түсіндіруші айнымалысы, яғни өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар саны 1 мың адамға өскен кезде зерттеліп отырған y нәтижелі белгісі, яғни ЖІӨ көлемі 5,694 млрд теңгеге артады.

a параметрінің математикалық интерпретациясы: x түсіндіруші айнымалы нөлге тең, яғни өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар саны 0-ге тең болған кезде тәуелді y айнымалының мағынасы, яғни ЖІӨ көлемі 7542,186 млрд теңгеге тең болатынын білдіреді.

Теңдеудің параметрлерін анықтағаннан кейін, шамаларды орындарына қойып, жұптық сызықтық регрессия моделін аламыз.

Жұптық сызықтық регрессия моделі: $\hat{y} = 7542,186 + 5,694x$

Графиктік түрде бейнелесек (2-сурет, б. 77).

Графиктің қисығы бойынша, екі көрсеткіштің арасында әлсіз оң байланыс бар екенін байқауға болады. Сондықтан, графикке сүйене отырып, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар саны артатын болса, алдағы кезеңдерде ЖІӨ көлемі де аз мөлшерде өсуі мүмкін деп болжауға болады.


Айнымалылардың өзара әсерін қарастыру үшін икемділік коэффициентін есептейміз:

$$E = b \cdot \frac{\bar{x}}{\bar{y}} = 0,618$$

Икемділік коэффициенті егер өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар саны 1%-ға артса, ЖІӨ көлемі 0,618%-ға ұлғаятынын көрсетеді.

Корреляциялық талдау. x пен y айнымалыларының, яғни өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар саны мен Жалпы Ішкі Өнім арасындағы байланыстың тығыздығын жеке корреляция коэффициентін есептеу арқылы анықтаймыз:

$$r_{xy} = \frac{\text{cov}(x,y)}{\sqrt{\text{var}(x)\text{var}(y)}} = 0,200074$$



Сурет 2 – Жұптық сызықтық регрессия моделі

Корреляция коэффициентінің мәні оң болғандықтан, екі айнымалының арасында оң байланыс бар, алайда тығыздық деңгейі төмен, себебі $r_{xy} < 0,7$. Басқаша айтқанда, корреляция шамасының оң болған кезінде бір көрсеткіштің ұлғаюы басқа айнымалының артуына сәйкес келеді. Бұл тәуелділік оң байланыс деп аталады. Яғни, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар саны артып отырған кезде, ЖІӨ көлемінің өсуі байқалады немесе керісінше. Алайда, көрсеткіштердің арасында тығыздық деңгейі төмен болғандықтан, өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың санының ұлғаюы, ЖІӨ көлеміндегі аса бір үлкен өсуге әкелмейді, жалпы ішкі өнім мөлшері өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың санының өсуіне байланысты, аз шамаға артатынын білдіреді.

Қорытынды

Сонымен, неғұрлым көп адам жұмыс істесе, соғұрлым өндірушілер өнімнің жалпы көлеміне қосылады. Жалпы алғанда, адамдар неғұрлым аз жұмыс істесе, өндіріс соғұрлым аз болады, дегенмен автоматтандыру және әсіресе робототехника мұны өзгерте алады. Ал жұмыспен қамтылғандардың үлесіндегі өзін-өзі нәтижелі жұмыспен қамтығандар саны артатын болса, бұл ЖІӨ оң өсуіне алып келеді.

Негізінде Қазақстан Республикасында әлеуметтік мәртебесі жоқ тұлғаларды анықтау мақсатында Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметті көрсетер алдында азаматтардың әлеуметтік мәртебесін анықтау жүйесі енгізілген (оның негізгі әдістері: сауалнама толтыру және БЖТ – Бірыңғай жиынтық төлем төлеу, құрамы: 10% – жеке табыс салығы, 20% – ӘСМҚ-ға әлеуметтік салымдар, 30% – БЖЗҚ-ға міндетті төлем, 40% – ММС-ға). Қорытындыда, егер:

- ♦ азамат бейресми жұмыс істесе, оған жұмыс берушімен еңбек шартын жасау қажет;
- ♦ азамат табыс әкелетін кәсіпкерлік немесе басқа қызметпен айналысса, оған салық органдарында тіркелу қажет;
- ♦ азамат жұмыссыз болса, оған Алматы қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелу қажет және оған жұмысқа орналасуға көмек көрсетілетінін еске салғымыз келеді [3].

Қорытындылай келе айтар болсақ, әлеуметтік мақсаттарда Үкіметтің өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың қызметін рәсімдеу жөніндегі шаралары ел экономикасындағы бейресми сектордың үлесін азайтуға бағытталғанын атап өткен жөн. Дамыған елдердің тәжірибесі бойынша өзін-өзі жұмыспен қамту – жұмыссыздықпен күресудің тиімді әдістерінің бірі болып табылады және біздің билік иелері оны жоюға емес, бұл құбылысты нормативтік-құқықтық базада бекітуге тырысады. Кеңестік заманның көзқарасы басым көптеген адамдар әлі күнге дейін өзін-өзі жұмыспен қамтуды еңбек қызметінің лайықты түрі ретінде көрмесе де, Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында өзін-өзі жұмыспен қамту феномені елдің әлеуметтік-экономикалық өмірінің маңызды факторына айналды. Сонымен қатар өзін-өзі жұмыспен қамту, өз ісімен айналысқысы келетін және икемді жұмыс кестені қалайтын жастар арасында да белгілі бола бастады. Дегенмен, кез-келген еңбектік қызметті заң аясында жүзеге асыру қажет

екенін түсіну керек. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар ресми тіркелуі, салық төлеуі және заңдарды сақтауы тиіс, сондай-ақ мемлекет өз кезегінде оларға лайықты әлеуметтік жағдай жасауы қажет [4].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтенизов Д.Т., Дубина И.Н., Азатбек Т.А., Кэмпбелл Д.Ф.Дж., Караяннис Э.Г. Экономические функции самозанятости // Экономика. Профессия. Бизнес. Научный рецензируемый журнал. – 2018. – № 3. URL: https://dekanat.unecon.ru/DOCS/stud_files/505185/%D0%AD%D0%9F%D0%91_3.pdf (дата обращения: 17.08.2021).
- 2 Тово Марио. Самозанятость населения в Италии // Человек и труд. – № 2. – 2003. – С. 74–77.
- 3 Анықтама: Алматы қаласының Халықты жұмыспен қамту орталығы, мекенжайы: Назарбаев даңғылы, 50, Жібек Жолы даңғ. қиылысы, тел.: 341-04-60.
- 4 Рахматуллаева Д.Ж. Анализ тенденций развития самозанятости в Казахстане за 1991–2018 годы // Креативная экономика: новые шансы для развития: Монография / А.С. Жупарова, А.Е. Калиева, А.А. Нусюпаева [и др.]. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 140 с. – С. 112–127.

REFERENCES

- 1 Baitenizov D.T., Dubina I.N., Azatbek T.A., Kempbell D.F.J., Karaiannis E.G. (2018) Ekonomicheskie funktsii samozanätosti // Ekonomika. Professia. Biznes. Nauchnyi resenziruemyi jurnal. No. 3. URL: https://dekanat.unecon.ru/DOCS/stud_files/505185/%D0%AD%D0%9F%D0%91_3.pdf (data obraşenia: 17.08.2021).
- 2 Tovo Mario. (2003) Samozanätost naselenia v İtalii // Chelovek i trud. No. 2, pp. 74–77.
- 3 Anyqtama: Almaty qalasynyñ Halyqty jümyspen qamtu ortalyğy, mekenjaıy: Nazarbaev dañğyly, 50, Jıbek Joly dañğ. qıylısy, tel.: 341-04-60.
- 4 Rahmatullaeva D.J. (2020) Analiz tendensi razvitia samozanätosti v Kazahstane za 1991–2018 gody // Kreativnaia ekonomika: novye şansy dlä razvitia: Monografia / A.S. Juparova, A.E. Kalieva, A.A. Nusüpaeva [i dr.]. – Almaty: Qazaq universiteti, 140 p. P. 112–127.

Г.К. ИЛЯШОВА,*¹

докторант, ст. преподаватель.

*e-mail: July.gk1977@gmail.com

С.Қ. ҚОНДЫБАЕВА,¹

PhD.

e-mail: saltanat.kondybaeva@kaznu.kz

З.Т. САТПАЕВА,²

PhD.

e-mail: szt_kz@mail.ru

¹Казахский национальный университет

им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Институт экономики Комитета науки

Министерства образования РК

КОРРЕЛЯЦИОННАЯ СВЯЗЬ МЕЖДУ ЭКОНОМИЧЕСКИМ РАЗВИТИЕМ И САМОЗАНЯТОСТЬЮ НАСЕЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

Цель статьи – определить место самозанятости в развитии экономики Казахстана и проанализировать ее взаимосвязь. В специфике развития рыночной экономики Казахстана развитие рынка труда всегда находится в центре внимания. От динамичности и состояния рынка труда напрямую зависит и функционирование национальной экономики. Проблема безработицы на рынке труда является одним из важнейших показателей развития экономики. Известно, что рост уровня безработицы негативно сказывается на развитии экономики, соответственно, в государстве повышается экономическая и социальная нагрузка. Одним из путей выхода из этой проблемы можно назвать вовлечение безработных в экономическую деятельность путем самозанятости и создания индивидуальных рабочих мест. Эта практика позволяет ликвидировать социальные последствия роста уровня безработицы для многих стран в циклическом развитии экономики, открыв для них собствен-

ные предприятия без наемных работников. Информационной базой статистического анализа в статье в основном являются данные Национального бюро статистики агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. Для определения корреляционной связи между samozanyatost'yu naseleniya i razvitiem ekonomiki v Kazakhstane byl poluchен основной экономический показатель – динамика роста ВВП.

Ключевые слова: ВВП, экономическое развитие, инновации, samozanyatost', корреляция, анализ, рынок.

G.K. ILASHOVA,*¹

PhD student.

*e-mail: July.gk1977@gmail.com

S.K. KONDYBAYEVA,¹

PhD.

e-mail: saltanat.kondybaeva@kaznu.kz

Z.T. SATPAYEVA,²

PhD.

e-mail: szt_kz@mail.ru

¹al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Institute of Economics of the Committee
of Science of the Ministry of Education and Science
of the Republic of Kazakhstan

THE CORRELATION BETWEEN ECONOMIC DEVELOPMENT AND SELF-EMPLOYMENT OF THE POPULATION IN KAZAKHSTAN

Abstract

The purpose of the article is to determine the place of self-employment in the development of the economy of Kazakhstan and analyze its relationship. In the specifics of the development of the market economy of Kazakhstan, the development of the labor market is always in the spotlight. The functioning of the national economy directly depends on the dynamism and state of this labor market. The problem of unemployment in the labor market is one of the most important indicators of economic development. It is known that an increase in the unemployment rate has a negative effect on the development of the economy, accordingly, the economic and social burden in the state increases. One of ways out of this problem is to involve the unemployed in economic activity through self-employment and the creation of individual jobs. This practice makes it possible to eliminate the social consequences of the rise in unemployment for many countries in the cyclical development of the economy by opening their own enterprises without hired workers. The information base of statistical analysis in the article is mainly the data of the National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. To determine the correlation between self-employment and economic development in Kazakhstan, the main economic indicator - the dynamics of GDP growth was obtained.

Key words: GDP, economic development, innovation, self-employment, correlation, analysis, market.